Баспасөз хабарламасы
Астана қ., 20 қараша 2026 жыл

«Магистральды Су құбыры» ЖШС 2026 жылдың 10 айында энергия тұтынуды 14,75%-ға төмендетіп, 86 млн теңгеден астам қаражат үнемдеді

2026 жылғы қаңтар-қазан айларында «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес кәсіпорны – «Магистральды Су құбыры» ЖШС электр энергиясын тұтынуды 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9 млн 166 мың кВт·сағатқа немесе 14,75%-ға қысқартты.
Есепті кезеңде суды айдауға жұмсалатын энергияның үлестік шығыны 3,65%-ға төмендеді. Үлестік энергия тұтынуды қысқарту нәтижесінде қол жеткізілген экономикалық тиімділік 86 млн 559 мың теңгені құрады.
«Магистральды Су құбыры» ЖШС энергия тиімділігін арттыру бағытындағы жұмысын жүйелі түрде жалғастыруда. Энергия ресурстарын ұтымды пайдалану және операциялық тиімділікті арттыру кәсіпорын қызметінің басым бағыттарының бірі болып қала береді.

«ҚазТрансОйл» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. Компанияның ұзындығы 5,2 мың шақырымды құрайтын әртараптандырылған магистральдық мұнай құбырлары желісі бар. Сонымен қатар басқа ұйымдардың жалпы ұзындығы 5 мың шақырымнан асатын құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының меншік иесі болып табылатын «Магистральды Су құбыры» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ына иелік етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ
баспасөз қызметі